

**Б. Атейхан<sup>1</sup>, А.М. Нусупов<sup>2</sup>, Б.Ж. Кожебаев<sup>2</sup>, Д.Е. Төлеуова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> «Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ломов к-сі, 64, 140008, Қазақстан, [bolatbek\\_ateihanuly@mail.ru](mailto:bolatbek_ateihanuly@mail.ru)

<sup>2</sup> «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Абай облысы, Семей қаласы, Глинка к-сі, 20А, 071412, Қазақстан, [amanshan.nusupov@mail.ru](mailto:amanshan.nusupov@mail.ru)

## **ЕТТІ БАҒЫТТАҒЫ ТӨЛДЕРІНІҢ ӨСУІ ЖӘНЕ ТҰҚЫМ СТАНДАРТЫМЕН СӘЙКЕСІ**

**Аңдатпа.** Қазіргі кездегі мал шаруашылығы саласы - мамандандыруды тереңдетуді, мал шаруашылығының салаларын интенсивті дамытудың жолына көшірудің есебінен өндірілетін өнімдерді мөлшерін арттыру міндетке қоюда. Асыл тұқымға жататын малдарын өсірудің ісі мал шаруашылығындағы интенсивтендірудің маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Сондықтан қазіргі заманға сай, асыл тұқымды малдарды өсірудің ісін ұйымдастыруға және оның тиімді жақтарын арттыруды түбегейлі жақсарту, малдардың асыл тұқымдық және өнімділік қасиеттерін жоғарлату жөніндегі жұмыстарын күшейту, асыл тұқымды малдарды арнайы өсіретін шаруашылықтардың желісін нығайту бағдарламалары арқылы мал шаруашылығында сапалы және таза ет өндіруді жоспарлауға болады.

**Түйін сөздер:** қазақтың ақбас малы, абердин-ангусс малы, бұқалар, будандар, тірі салмақ, орташа тәуліктік өсім.

**Кіріспе.** Мал шаруашылығын интенсивтендіру барысында зоотехния ғылымы мынандай бірқатар нақты міндеттерді шешеді. Олар - малдың барлық түрінің өнімділігін арттырудың қолданылып жүрген әдістерін жетілдіру, жаңа әдістерін жасау, мал өнімдерінің өзіндік құнын кеміту, сапасын жақсарту. Мал шаруашылығы өнімдерін арттыру, мысалы, сиыр сүтіндегі майдың, белоктың мөлшерін көбейту, ет пен тауық жұмыртқасының дәмдік және жұғымдылық қасиеттерін жақсарту сияқты негізгі сапалық белгілердің жақсаруымен қоса жүруі тиіс. Малдың төлшілдігін арттыру, дене бітімін жақсарту, жаңа технологияларға бейімділігін қалыптастыру, оларды пайдалану мерзімін ұзарту, саланың рентабельділігін арттыру - бұлар ешқашан ескірмейтін маңызды міндеттер болып табылады.

Қазіргі кезде селекционерлерден селекцияның дәстүрлі әдістерін пайдаланумен қатар, селекциялық процесті модельдеу, кең көлемде селекциялау мен электронды-есептеу машиналарын, компьютер пайдалану секілді әдістерді игеріп, кеңінен қолдану талап етіледі.

**Материалдар мен әдістемелер.** Абай облысы, Семей қаласы, Знаменка ауылдық округіне жататын «Нұр» шаруа қожалығында етті бағытта өсірілетін қазақтың ақбас және абердин-ангусс тұқымды малдарының табынды толықтыруға арналған ұрғашы төлдерінің өсуі мен дамуы алынды. Зерттеу жұмысын жүргізу үшін, етті бағыттағы қазақтың ақбас және абердин-ангусс тұқымды малдарының ұрғашы төлдерінің кезеңдер бойынша өсулері мен дамулары анықталды. Сол үшін, төл өсіру журналы, малдардың жеке карточкалары мұқият зерттеп, керекті мәліметтер жиналды. Зерттеу жүргізу үшін, алынған құжаттар бойынша 10 бастан тұратын, бір кезде туылған екі мал тобы (біріншісі қазақтың - ақбас, екіншісі - абердин-ангусс) құралды. Алынған мәліметтермен келесідей көрсеткіштерді анықтауға және сараптама жасауға бағытталды:

- төлдердің өсу кезеңдері бойынша тірі салмақтарының (туғаннан - 6 ай, 6 айдан - 9 ай, 9 айдан - 12 ай, 12 айдан - 15 ай, 15 айдан - 18 ай) абсолютті, салыстырмалы және орташа тәуліктік салмақ қосулары анықталды.

**Зерттеудің нәтижелері.** Малдардың еттілік көрсеткіштерінің дәрежесін және интенсивті өсуін сипаттайтын көрсеткіштердің негізгілерінің бірі болып, олардың тірі салмақтары табылады.

1-кестеде «Нұр» шаруа қожалығында етті бағытта өсірілетін қазақтың ақбас тұқымды және абердин-ангусс тұқымды малдарына жататын ұрғашы төлдерінің туған кезден бастап, он сегіз

айлық жас аралығындағы тірі салмақтарының көрсеткіштері келтіріліп, етті бағыттағы малдардың тұқым стандартындағы бірінші класс көрсеткіштерімен салыстырылған.

Кесте 1 - Қазақтың ақбас және абердин-ангусс ұрғашы төлдердің тірі салмақтарының көрсеткіштері

Төлдердің жасы,	Қазақтың ақбас				Абердин-ангусс			
	Мал саны	Тірі салмақ, кг		Тұқым стандарты I класс	Мал саны	Тірі салмақ, кг		Тұқым стандарты I класс
ай	<i>n</i>	$M \pm m_x$	<i>Cv</i>	кг	<i>n</i>	$M \pm m_x$	<i>Cv</i>	кг
Туғандағы	10	26±0,91	11,15	-	10	23±0,57	7,83	-
6	10	164±1,44	2,79	160	10	157±1,61	3,24	150
9	10	224±2,63	3,71	205	10	212±2,27	3,39	200
12	10	279±2,10	2,38	260	10	262±2,10	2,54	250
15	10	321±1,68	1,66	305	10	302±1,80	1,88	290
18	10	361±3,51	3,08	350	10	340±2,87	2,67	330

Берілген 1-ші кестеде «Нұр» шаруа қожалығындағы етті бағытта өсірілетін қазақтың ақбас тұқымды және абердин-ангусс тұқымды ұрғашы төлдерінің тірі салмақтарының көрсеткіштері өсу кезеңдері бойынша беріліп, етті бағыттағы малдардың тұқым стандартындағы бірінші кластың көрсеткіштерімен салыстырылған.

«Нұр» шаруа қожалығында етті бағытта өсірілетін қазақтың ақбас тұқымды малдарына жататын ұрғашы төлдерінің туған кездегі орташа тірі салмақтары 26 кг-ды құраған. Ал, осы аралықта етті бағыттағы абердин-ангусс тұқымды малдарының төлдерінің тірі салмақтары 23 кг-ды құраған.


Өсу кезеңінің алтыншы айында етті бағыттағы қазақтың ақбас төлдері орташа 164 кг тірі салмаққа жеткен. Тұқым стандартындағы көрсеткіш 160 кг-ды көрсетіп тұр. Осы кезеңде абердин-ангусс тұқымды ұрғашы төлдері 157 кг салмағанда, ал тұқым стандартының көрсеткіші 150 кг болған. Көрсетілген өсу кезеңінің тоғызыншы айында қазақтың ақбас тұқымды төлдері орташа 224 кг тірі салмақта болса, тұқым стандартындағы көрсеткіш 205 кг болғандығы көрініп тұр. Етті бағытта өсірілерін абердин-ангусс тұқымды малдарының ұрғашы төлдері 212 кг тірі салмақта болғандары және осы тұқымның стандартындағы I кластың көрсеткіштері 200 кг-ды көрсетіп тұрды.

Белгіленген өсу кезеңінің он екінші айына дейінгі аралықта етті бағытта өсірілетін қазақтың ақбас тұқымды төлдері орташа 279 кг салмақ жинаса, тұқым стандартының осы аралықта 260 кг салмақ көрсеткішін көрсеткен. Шаруашылықтағы етті бағытта өсірілетін абердин-ангусс тұқымды малдарының төлдері орташа 262 кг салмақ жанаған, демек тұқым стандартынан 12 кг артық болған. Ол дегеніміз 250 кг.

Өсу кезеңдерінің он бес және он сегіз айлық жастарында шаруашылықта етті бағытта өсірілетін қазақтың ақбас тұқымды төлдері сәйкестерінше орташа 321 кг және 361 кг салмақта болса, осы аралықтағы етті бағыттағы малдарға арналған тұқым стандартындағы I кластың көрсеткіштері сәйкестерінше 305 және 350 кг аралықтарында болған.

Етті бағытта өсірілетін абердин-ангусс тұқымды төлдері болса, осы он бесінші және он сегізінші айлық жастанындағы тірі салмақтары орташа 302 кг және 340 кг салмақта болғанда, осы тұқымның стандартындағы көрсеткіштер 290 және 330 кг болған.

Барлық кезеңдер бойынша белгілі болған тірі салмақтардың нәтижелерін қарастыра келе, «Нұр» шаруа қожалығында етті бағытта өсірілетін қазақтың ақбас тұқымды малдарына жататын және абердин-ангусс тұқымды малдарына жататын ұрғашы төлдерінің тірі салмақтарын етті бағыттағы малдарға арналған тұқым стандартындағы бірінші кластың көрсеткіштерімен салыстыруының нәтижелерін 1-ші және 2-ші суреттен толық көруге болады.




Сурет 1. Қазақтың ақбас тұқымды ұрғашы төлдерінің кезеңдер бойынша тірі салмақтарын тұқым стандартындағы бірінші кластың көрсеткіштерімен салыстыру

Берілген 1-ші суретте «Нұр» шаруа қожалығында өсірілетін етті бағыттағы қазақтың ақбас тұқымына жататын малдарының ұрғашы төлдері 6 айлықтарында тұқым стандартының бірінші класының көрсеткіштерінен 4 кг немесе 2,4 %-ға жоғары болып тұрғанын көреміз.

Етті бағыттағы малдарға арналған тұқымның стандартындағы бірінші кластың 9-шы және 12-ші айларындағы көрсеткіштерден «Нұр» шаруа қожалығында етті бағытта өсірілетін қазақтың ақбас тұқымды ұрғашы төлдерінің тірі салмақтары 19 кг немесе 8,4 %-ға жоғары болып тұр.

Ал, 15-ші айдағы тұқым стандартынан қазақтың ақбас тұқымды ұрғашы төлдерінің тірі салмақтары 16 кг немесе 4,9 %-ға және 18-ші айдағы стандартқа қарағанда 11 кг немесе 3 %-ға артық болғандығы көрініп тұр.

Осы көрсеткіштердің бәрін талдай келе, «Нұр» шаруа қожалығындағы етті бағыттағы қазақтың ақбас тұқымды малдарының ұрғашы төлдері өсу кезеңдерінің барлық кезеңдерінде тұқым стандартының көрсеткіштерінен жоғары болды. 2-ші суретте абердин-ангусс тұқымды ұрғашы төлдерінің тірі салмақтарын тұқым стандартымен саластырғандағы мәліметтері келтірілген.



Сурет 2. Абердин-ангусс тұқымды ұрғашы төлдерінің кезеңдер бойынша тірі салмақтарын тұқым стандартындағы бірінші кластың көрсеткіштерімен салыстыру

Бұл берілген 2-ші суретте «Нұр» шаруа қожалығында етті бағытта өсірілетін абердин-ангусс тұқымына жататын ұрғашы төлдерінің алты айлықтарынан бастап 18 айлық жастарына дейінгі аралықтағы тірі салмақтары тұқымның стандартындағы бірінші кластың көрсеткіштерімен салыстырылған.

Берілген тұқым стандартындағы көрсеткіштерден етті бағыттағы абердин-ангусс төлдерінің тірі салмақтары алты айлықтарында 7 кг немесе 4,4 %-ға жоғары болып тұр. Тірі салмақтарының көрсеткіштері бойынша 9-шы, 12-ші және 15-ші айларында абердин-ангусс тұқымды ұрғашы төлдері тұқым стандартының бірінші класының көрсеткіштерінен 12 кг немесе 5,6 %-ға жоғары болғандығы көрініп тұр. Берілген кезеңдердің соңғы 18-ші айында етті бағыттағы абердин-ангусс тұқымды төлдері тұқым стандартындағы бірінші кластың көрсеткіштерінен 10 кг немесе 2,9 %-ға артық болған.

Қорыта келе, «Нұр» шаруа қожалығында етті бағытта өсірілетін абердин-ангусс тұқымына жататын ұрғашы төлдері тұқым стандартындағы бірінші кластың көрсеткіштерінен барлық кезеңдерде жоғары болған.

#### **Әдебиеттер тізімі.**

1. Тореханов А.А., Бегембеков К.Н., Нургазы А.К. Современная система племенного дела в скотоводстве. -Алматы: «Эверо», 2015. -292 с.
2. Бегембеков К.Н., Тореханов А.А., Насырханова Б.К., Нургазы А.К. Современные аспекты стандартизации качества убойного скота и мяса-говядины. -Алматы: «Дом издательств Нур-Принт», 2016. -308 с.
3. Тореханов А.А., Карымсаков Т.Н., Бегембеков К.Н., Баккожаев А.А. Современные аспекты племенной работы в скотоводстве. -Астана: Издательство «Агротехуниверситет», 2012. -203 с.
4. Нургазы К.Ш., Бегембеков К.Н., Самбетбаев А.А., Нургазы Б., Габит Г.Эффективность разведения крупного рогатого скота мясных пород на Юго-Востоке Казахстана (рекомендация). Алматы: ТОО «рпп! р1ш». 2018.-79 с.
5. Нургазы К.Ш., Бегембеков К.Н., Кайруллаев К., Нургазы Б.О. Особенности воспроизводительных качеств и жизнеспособность скота мясных пород разных генотипов в условиях Южного Прибалхашья. Сб. статей научно-информационного центра «Знание» по материалам XXVIII международн. науч.-практ. конф: «Развитие науки в XXI веке». 2 часть. г. Харьков, 2017. -С. 50-57.
6. Бегембеков К.Н., Нургазы К.Ш., Габит Г., Танжарык Ж. Результаты оценки быков по качеству потомства и испытания бычков по собственной продуктивности. «Высшая школа Казахстана». Международное научно-педагогическое издание. Алматы, 2017, № 3, С.241-245.

#### **References**

1. Torekhanov A.A., Begembekov K.N., Nurgazy A.K. Modern system of breeding in cattle breeding. -Almaty: "Evero", 2015. -292 p.
2. Begembekov K.N., Torekhanov A.A., Nasyrkhanova B.K., Nurgazy A.K. Modern aspects of standardization of the quality of slaughtered cattle and beef meat. -Almaty: Nur-Print Publishing House, 2016. -308 p.
3. Torekhanov A.A., Karymsakov T.N., Begembekov K.N., Bakkozhaev A.A. Modern aspects of breeding work in cattle breeding. -Astana: Publishing house "Agrotechnical University", 2012. -203 p.
4. Nurgazy K.Sh., Begembekov K.N., Sambetbayev A.A., Nurgazy B., Gabit G. Efficiency of cattle breeding of meat breeds in the South-East of Kazakhstan (recommendation). Almaty: RPP! r1sh LLP. 2018.-79 p
5. Nurgazy K.Sh., Begembekov K.N., Kairullaev K., Nurgazy B.O. Features of reproductive qualities and viability of cattle of meat breeds of different genotypes in the conditions of the Southern Balkhash region. Collection of articles of the scientific information center "Knowledge" based on the materials of the XXVIII international scientific and practical conference: "Development science in the XXI century". Part 2. Kharkiv, 2017. - pp. 50-57.

6. Begembekov K.N., Nurgazy K.Sh., Gabit G., Tanzharyk Zh. The results of the evaluation of bulls by the quality of offspring and the testing of bulls by their own productivity. "Higher School of Kazakhstan". International scientific and pedagogical publication. Almaty, 2017, No. 3, pp.241-245.

**Б. Атейхан<sup>1</sup>, А.М. Нусупов<sup>2</sup>, Б.Ж. Кожебаев<sup>2</sup>, Д.Е. Төлеуова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> НАО «Торайгыров университет», Павлодарская область, г. Павлодар, ул. Ломова, 64, 140008, Казахстан, [bolatbek\\_ateihanuly@mail.ru](mailto:bolatbek_ateihanuly@mail.ru)

<sup>2</sup> НАО «Университет имени Шакарима города Семей», Абайская область, г. Семей, ул.Глинки 20А, 071412, Казахстан, [amanshan.nusupov@mail.ru](mailto:amanshan.nusupov@mail.ru)

## **РОСТ МОЛОДНЯКА МЯСНОГО НАПРАВЛЕНИЯ И СООТВЕТСТВИЕ СТАНДАРТАМ ПОРОДЫ**

Поголовье различных мясных пород дает положительные результаты в широкомасштабном производстве качественного натурального мяса в нашей стране.

**Ключевые слова:** казахский белоголовый скот, абердин-ангусский скот, бычки, помеси, живая масса, среднесуточный прирост

**B. Ateikhan<sup>1</sup>, A. Nusupov<sup>2</sup>, B. Kozhebaev<sup>2</sup>, D.Toleuova<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> NAO "Toraigyrov University", Pavlodar region, Pavlodar, Lomova str., 64, 140008, Kazakhstan, [bolatbek\\_ateihanuly@mail.ru](mailto:bolatbek_ateihanuly@mail.ru)

<sup>2</sup> Shakarim University of Semey, Abay Region, Semey, 20A Glinka Street, 071412, Kazakhstan, [amanshan.nusupov@mail.ru](mailto:amanshan.nusupov@mail.ru)

## **THE GROWTH OF YOUNG MEAT PRODUCTION AND COMPLIANCE WITH BREED STANDARDS**

The livestock of various meat breeds gives positive results in the large-scale production of high-quality natural meat in our country.

**Keywords:** Kazakh white-headed cattle, Hereford cattle, gobies, crossbreeds, live weight, average daily gain.

### **Авторлар туралы ақпарат**

**Атейхан Болатбек**, PhD, <https://orcid.org/0000-0002-5633-972X>, «Торайгыров университет» КеАҚ, Павлодар қ.,Целинная к, 93, Қазақстан, [bolatbek\\_ateihanuly@mail.ru](mailto:bolatbek_ateihanuly@mail.ru)

**Нусупов Аманжан Максутканович**, PhD, и.о.ассоциированного профессора, <https://orcid.org/0000-0002-0504-6425>, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Абай облысы, Семей қаласы, Глинка к-сі, 20А, 071412, Қазақстан, [amanshan.nusupov@mail.ru](mailto:amanshan.nusupov@mail.ru)

**Кожебаев Болат Жанахметович**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, <https://orcid.org/0000-0002-9546-2069>, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Абай облысы, Семей қаласы, Дастенов 55, Қазақстан, [bolat\\_bek.67@mail.ru](mailto:bolat_bek.67@mail.ru)

**Төлеуова Диана Ерболқызы**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі, магистр, <https://orcid.org/0009-0002-7782-3593>, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Семей қаласы, Қазақстан, [toleuova1112@mail.ru](mailto:toleuova1112@mail.ru)

### **Сведения об авторах:**

**Атейхан Болатбек**, PhD, и.о.ассоциированного профессора, <https://orcid.org/0000-0002-5633-972X>, НАО «Торайгыров университет», г. Павлодар, ул. Целинная, 93, Казахстан, [bolatbek\\_ateihanuly@mail.ru](mailto:bolatbek_ateihanuly@mail.ru)

**Нусупов Аманжан Максутканович**, PhD, и.о.ассоциированного профессора, <https://orcid.org/0000-0002-0504-6425>, «НАО Университет имени Шакарима города Семей» Абайской области, г. Семей, ул.Нурбаева 288, Казахстан, [amanshan.nusupov@mail.ru](mailto:amanshan.nusupov@mail.ru)

**Кожебаев Болат Жанахметович**, доктор сельскохозяйственных наук, <https://orcid.org/0000-0002-9546-2069>, «НАО Университет имени Шакарима города Семей» Абайской области, г. Семей, ул.Дастенова 55, Казахстан, [bolat\\_bek.67@mail.ru](mailto:bolat_bek.67@mail.ru)

**Төлеуова Диана Ерболовна**, магистр сельскохозяйственных наук, <https://orcid.org/0009-0002-7782-3593>, «НАО Университет имени Шакарима города Семей» Абайской области, г. Семей, ул.Дастенова 71, Казахстан, [toleuova1112@mail.ru](mailto:toleuova1112@mail.ru)

#### **Information about the authors**

**Ateikhan Bolatbek**, PhD, Acting Associate Professor, <https://orcid.org/0000-0002-5633-972X>, "NAO "Toraigyrov University", Pavlodar, Tselinnaya str., 93, Kazakhstan, [bolatbek\\_ateihanuly@mail.ru](mailto:bolatbek_ateihanuly@mail.ru)

**Nusupov Amanzhan**, PhD, Acting Associate Professor, <https://orcid.org/0000-0002-0504-6425>, "NAO University named after Shakarim of Semey city" of Abai region, Semey city, 288 Nurbayeva str., Kazakhstan, [amanshan.nusupov@mail.ru](mailto:amanshan.nusupov@mail.ru)

**Kozhebaev Bolatpek**, doctor of agricultural sciences,, <https://orcid.org/0000-0002-9546-2069>, "NAO University named after Shakarim of Semey city" of Abai region, Semey city, 55 Dastenova str., Kazakhstan, [bolat\\_bek.67@mail.ru](mailto:bolat_bek.67@mail.ru)

**Toleuova Diana**, Master of Agricultural Sciences, <https://orcid.org/0009-0002-7782-3593>, "NAO University named after Shakarim of Semey city" of Abai region, Semey city, ул. Дастенова 71, Казахстан, [toleuova1112@mail.ru](mailto:toleuova1112@mail.ru)